

ҚАЗАҚТЫҢ атақты жауынгері Совет Одағының Батыры Нұркен Әбдіров Ұлы Отан соғысында неміс-фашистерінен әуе шайқасында еліміздің қасиетті жерін қорғап, 1942 жылдық аяғында Дон жағасында ерлікпен қаза тапты. Әйгілі ұшқыш жау оғы тиіп жалын ұшқан самолетін Чир өзені өткеліндегі фашистердің қалың әскерінің үстіне құлатып, олардың үлкен тобы мен техникасын талқандады. Содан да Данның бұл жағасына фашистердің қандыаяғы тиген жоқ. Нұркеннің зираты Ростов облысының Вешенск ауданында. Оның мәйіті басына ростовдықтар мәңгілік ескерткіш орнатқан. Бұл ескерткішті сол арадағы Боков орта мектебінің пионерлері ардақтап күтеді. Батырдың мәрмәр тасты сымбаттауының аяғын бастырмаған Нұркен Әбдіровтың зиратын, ескерткішін жайнаған атындағы 13-ші пионер дружинасы гүлге орап ұстайды екен. Алқызыл гүл қамқорлыққа алған.

1965 жылы жазда Қарағандыдан атақты ұлы Нұркеннің зиратын көріп басына тағзым еткелі батырдың анасы Бағжан марқұм да Донға барып қайтты. Нұркеннің анасы ол жылы 76 жаста еді. Қарт ана қасына екі немересін ерте барды. Бұл кісіге ол жерге қарағандылық жазушы, Нұркен Әбдіровтың ерлігі жайлы «Мәңгіге шүйіліс» атты кітап жазған, соғыс алдында Қарағанды аэроклубының бастығы болып, Нұркенді ұшқыштар мектебінде тәрбиелеушілердің бірі Григорий Васильевич Якимов атқосшы болып барды.

Вешенск ауданының Боков орта мектебі ұстаздары мен шәкірттері, осы маңдағы Коньки станциясының тұрғындары Совет Одағының Батыры, Дон өлкесіне тегі. Батырдың мәрмәр тасты сымбаттауының аяғын бастырмаған Нұркен Әбдіровтың зиратын, ескерткішін жайнаған атындағы 13-ші пионер дружинасы гүлге орап ұстайды екен. Алқызыл гүл бөлеген сүйікті ұлының қабырын көрген-

ҰЛЫ ДОСТЫҚТЫҢ СЫМБАТЫ

де қарт ана Бағжан Нұркен зиратының топырағын да гүлін де құшып, бір сәт толқып жыласа да, бір сәт мақтаным сезіміне бөленіп: "Ерлігіңнен айналдым, сені ардақтаған халқымнан айналдым!"—деп қолын көкке жайған. Нұркеннің осы ескерткішіне таяу, қырық шақырым жерде еліміздің атақты жазушысы Михаил Александрович Шолохов тұрады. Бұл жер—әйгілі Вешенск станицасы. Қарт ана Бағжанды сол сапарда М. Шолохов қадыр тұтып, өз үйіне қонаққа шақырды. Қазақтың кейуанасы атақты жазушыға:—Сіздей даңқты адамның атын алыстан көп естуші ем. Кітаптарыңызды біздің балаларымыз, немерелеріміз қызыға оқушы еді. Енді өзіңіздің жүзіңізді де көрдім. Бізді осылайша жолықтырып,

жақындастырып отырған сіздің дастарқаныңыздан дәм таттырып отырған—менің ұлымның әруағы мен Сіздің атағыңыз. Сізге де, ұлыма да ризамын,—депті. Сонда Совет елінің ұлы жазушысы:—Бәйбіше, өте дұрыс айтасыз! Менің өз басымның қазақ еліне, қазақ жеріне борышым да, алғысым да көп еді. Кешегі ұлан-асыр сұрапыл соғыста. Сіздің ұлыңыз менің атақты Дон өзенімді жаудан қорғап, ерлікпен қаза тапқанда, менің өз үй-ішімді, жұбайымды, бала-шағаларымды Сіздің меймандос, дастарқаны, пейілі кең қазақ елі паналатып, өз туысындай асырап-сақтап еді. Сізді үйіме бұлайша шақыруым Сізге көрсеткен ықыласым Сіздің аяулы жұртыңыздың сол тамаша ықылас-ниетінің аз да болса бір қары-

мын қайтарудың ишараты болар. Сіздің ұлыңыз Нұркен біздің бәріміздің де ардақты ұлымыз. Біздің туысқан халықтарымыздың мызғымас ұлы достығының белгісі, міне, осы. Жас қазақ жігіті ескерткішінің бәріміздің де мақтаншымыз болуы, міне, осы. Ел-жұртыңызға бізден мың рахмет, достық сәлем айтыңыз!—деп Бағжан бәйбішені, құшақтап сүйеді. Дәстүрлі қонақасыдан кейін Михаил Александрович Бағжан бәйбішеге іргеде жарқырап, үйіріле аққан Тынық Донды көрсетеді. Қарт ана қолын көзіне қалқалап тұрып:

—Шырағым, жерің, суың ғажап әдемі екен, жұмақ екен! Өзің де осындай, кітаптарың да осындай әдемі болсын, өмірің ұзақ, елің, жерің көзден, қолдан аман болсын!—деп бата тілейді. Қарт ананың бұл жүрек толқытар сөздерін М. Шолохов естігенде қуанышын жасыра алмай:

— Міне біздің осы таңғажайып, жерімізді зұлым жаудан қорғап, өзінің шыбындай жанын пидә еткен Сіздің сүйікті ұлыңыз Нұркеннің қасиетті қабыры алдында тағы да бас иіп, тәжім етемін,—депті.

Сексен үш жасқа қарағанда 1972 жылы қайтыс болған Бағжан бәйбіше сол жолы М. Шолоховтың үйінде ұлы жазушымен суретке түседі. М. А. Шолоховтың туғанына 70 жыл толуына орай жұртшылыққа ұсынып отырған жоғарыдағы суретте Михаил Александрович Шолохов пен оның жұбайы Мария Петровна Шолохова Бағжан ананы ортаға алып, екі жағынан қолтықтап, ел мақтанған ұл өсірген қасиетті кісінің екі жағынан аймалап, мерейленіп отыр.

Жайық БЕКТҰРОВ, жазушы.